

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2019

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Қ 54

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде
пайдалануға ұсынады

Қ-54 ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР. Батырлар жыры. Өңдеген Ш. Күмісбаев. — Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2019. — 184 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-3835-3

УДК 398
БК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-01-3835-3

© Күмісбайұлы Ш., 2013.
© Ахтанов С., Оспанов Б., 2013.
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2017.

Қобыланды батыр

Бұрынғы өткен заманда, дін-мұсылман аманда, жазда Көздікөл жайлауын мекен еткен, қыста көкке таласқан Қараспанда өмір кешкен қалың қыпшақтың тасы өрге домалап тұрған кезі екен. Ел болған соң ауызға ілігер ері де, жан еліктірер көркем сұлу қызы да, ақыл айтар данасы да, ақ жаулықты анасы да, құлын-тай үйреткен баласы да болады. Оған төрт түлігі сай, көңілі жай байдың есігіндегі құл мен күнді қосыңыз. Мақтар жұрты тағы бар.

Халқына қалаулы, еліне елеулі сондай көптің бірі Тоқтарбай бай мен кедейді бөлмепті. Ашқа тамақ, жаяуға мініс беріпті. Бұл дүниеде қолы ашық, көңілі дария жандардың құдай алдында кінәсы жоқ болса да, тартар азабын, қайғы-қасіретін Тәңірім неге молынан береді екен? Атақты бай бір перзентке зар болыпты. Қайғымен қан жұтқан Тоқтарбаймен бірге елінің де қабырғасы қайысыпты. Елі етегін шеңгел сыдырып, шапқылап әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып, Тәңірден бала бер деп тілек тілепті. Өмірдің қызығы бала емес пе? Аузын ашып сүйген, көңіліне түйген сәби күлсе, ата-анасы қоса қуанып, бақытты бір шақты бастан өткермей ме? Ал тұяқсыз әке мен сәбиі жоқ анадан бақытсыз жандар бар ма екен, бұл дүниеде?!

Аналықтай бәйбішенің елуге келгенше тартқан азабы атан түйеге жүк еді. Бұл дүниеден сәбисіз өтемін бе деп ой қамағанда, еш шарасыз жанары жасқа шыланып, үнсіз егілетін. Сөйтіп жүргенде тәңірі тілегін қабыл етіп, Аналық бәйбіше жүкті болды. Тоғыз ай, тоғыз күн өткенде аман-есен босанып, дүниеге бір ұл, бір қыз келді. Ақ түйенің қарны жарылған қуанышта елдің көне көз қарттары мен әжелері ұлға Қобыланды, қызға Қарлығаш деп ат қойды. Сөйтіп, Тоқтарбай мен Аналық көптен көрген жан азабын ұмытып, көңілі жай, бір рақат өмір кешті.

Қобыланды алты жасқа келгенде қазынадан алып, қамқа киді, өзімнің еншім болсын деп, тобылғы меңді торы атты мінді. Мұны көрген қалың қыпшақ құдайдан сұрап алған Қобыландының тілегін тіледі. Аяулы елі — алтын бесігі ғой. Қыранын топшысы қатқанша тәрбиелеп, қарақанаттандырып ұшырғанша небір маза-

сыз күндерді басынан кешті. Қалың қыпшақтың тілеуіне қарай Қобыланды да ерекше бала болып өсті. Дәлдегені құсына тиді, күрескенін жықты, ең аяғы асық ойнаса да теңдестерінің бәрін ұтты.

Тоқтарбайдың жылқыда тоқсан жылқышысы бар еді. Жаз жайлауда, күз күзеуде, қыс қыстауда малмен бірге көшіп, ауыл маңына сирек келетін. Сол тоқсанның басшысы Естеміс деген қайраты мол, ер жігіт екен. Екеу ара әңгімеден есімін естіген Қобыланды сол жанды көруге ынтықты. Оның үстіне алты жасар баланың аңсары далаға ауып тұратын еді.

Қобыланды күндердің күнінде басына қамшат бөрік киіп, астына тобылғы торысын мініп, білегіне қаршығасын іліп, жүйрік тазысын ертіп, "Естеміс қайдасың?" деп тартып отырды. Тоқтарбай әкесі ренжімеді, қайта бұл үлкен қуаныш еді. Сәбиінің атқа мініп, еркек боп ерге отыруын ол көптен аңсаған болатын. Ал баласы қырда атқа шапса, үйде отырып, анасы тақымын қысатыны белгілі, Аналық жалғыз ұлының тірлігіне мәз болды. Ана жүрегі — сәби тілегі. Көпті көрмесе, қиындықты, қызықты бастан өткермесе, даналар ана мен баласын осылайша құрмет тұтар ма еді?

Алты жасар алыптың ат мініп, Естеміс ерге келуі, батырды қуанышқа бөледі. "Баланың алысқа қарап, қашықты көруді мақсат тұтуы ұстазынан", — дейді үлкендер. Қағілез Қобыландының қайтпас қайсар мінезі, қандай да бір қиындықты қасқая қарсы алуға талпынысы Естемісті қатты сүйсіндірді. Қобыландыны жанына ертіп, киік аулап, құс салды. Қаршығасы қолында, құмай тазы соңында, тау асты, жар жағалады, көл қуалады. Таутеке, бұғы, киік, құлан аулады. Көшпелі елдің салтымен, дала табиғатымен сырласты, қиынына көнді, дүниенің ақ-қарасын талдап, жақсы мен жаманын бөлді. Жылжыған жылдар, адымдаған айлар, ат желісті апталар, қас қағым сәт күндер өтіп жатты.

Бірде аңның қызығына түсіп, Естеміс пен Қобыланды жылқышы ауылдан ұзап кетеді. Қараңғы түнде адасып, азап шеккенді қаламаған әккі Естеміс күн батпас бұрын қонуға лайық жер таңдады. Аңшының төсегі — дала, тамағы — қашқан аң, ұшқан құс. Екеуі шөмшек отты лаулата жағып, қызыл іңірді жөніне салып, қараңғылықты қарсы алады. Кенет бір сәт таудың арғы бетінен әлдеқандай шу естіледі.



—Бұл не дауыс? — деді Қобыланды аң-таң болып, — Ел ме, жау ма?

Баланың сауалына жауап беруге Естеміс асықпады. Ойпыл-тойпылы мол өмірде жас баланы не күтіп тұрғанын кім біліпті. "Сақтансаң құдай да сақтайды" дегенді естіп алып, тырс үндемеді. Әдетте жас баланың көпті көріп, білгісі, еркін өсіп жүргісі келеді. Қобыланды Естеміс батырға қайта бұрылды. Баланың мінезіне қанық Естеміс амалсыздан тілге келді.

—Білгенге құштар, шәкіртім-ау. Айтпасыма қоймадың. Көңіліңді қимадым. Қара жердің үстінде сен білмейтін жұмбақ көп. Білуге ұмтылуыңа дауым жоқ. Құлағыңды салып тыңда. Бұл шудың иесі — қызылбастың елі. Олар таудың арғы бетін мекендейді. Байтақ жері, айдын шалқар көлі, халқына сыйлы, мейірімді Көктім Аймақ деген ханы бар. "Қыз өспей ме, көкейіңді теспей ме?" деген. Күні кеше құлындай құлдыраңдаған хан қызы бүгінде бойжетіп, сұлуланып, енді күйеуге тимек ниет қылып жатыр. Бақан қағып, оған алтын теңге ілдірді. Теңгені атып түсірген жігітке күйеуге шықпақ. Бірақ бағы жанған бозбала жоқ әлі. Шырағым, есіңде болсын, бұл додаға қатысуға саған әлі ерте. Басың жас, қабырғаң қатқан жоқ. Тілімді алсаң барма, рұқсатымды бере алмаймын, — деді Естеміс. Тоқтауға көнер бала көрінбеді. Қобыланды:

— Жолымнан қалдырма. Батанды бер, көке! — деп тізесін бүгіп, отырып алды.

Жас баланың жолын кеспес болар. Бас жылқышы әрі ойланды, бері ойланды, қолын жайып батасын беріп, ақ жол тіледі. Қобыландының үстіне сауыт кигізіп, болат қанжарды қынға салғызып, беліне садақ ілгізіп, тобылғы меңді торы атқа қолтығынан демеп мінгізді. Жас батыр "шу" деп тау асты.

Естемістің айтқаны айдай келді. Қызылбастар елінде хан қызына үйлену үшін мергендік сайыс жүріп жатыр екен. Анадайда тақта отырған Көктім Аймақ хан бірден келген баланың келбетіне сүйсініп:

— Кезекті беріңдер! Қазақтың ері болар, — деп дауыстап жіберді.

Қобыланды іркілместен қорамсақтан қозыжауырын жебе алып, ат үстінен құрулы бақан басындағы алтын теңгені көздеп, адырнаны шірене тартты. Оқ дәл тиді. Алтын теңге екіге қақ бөлінді. Хан қызы Құртқа мұны көріп, бұрала басып кеп:

— Іздеген теңімді таптым. Қуанышым көк теңіздей көл-көсір. Айтылған сөз, атылған оқ, — деп әкесіне қарады.

Хан басын изеді. Қыздың жеңгелері күйеу балаға шашу шашты. Хан сертінде тұрып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасау қа-мына кірісті. Сөйткенше қырық бес кез Қызыл ер:

— Қобыланды менімен күресіп жықса, Құртқа сұлуды алар, әйтпесе ат-тонын олжалап, аман қайтса жарар, — деген кекесін хабар келіп жетті. Басын ешкімге имеген жас батыр Қобыландыға мына сөз ауыр тиді. Қатты намыстанып, бүкіл жұртқа:

— Артымда жауымды қалдырар мен емеспін, — деп, атқа қонды.

Қобыланды әп-сәтте қырық бес кез Қызыл ердің ауылына жетті. Үйіне тақап келіп, ат үстінен:

— Батыр болсаң, Қызыл ер, қане, тысқа шық, — деп дауыстады. Іштен еш жауап болмады. Бұл дұшпанының Қобыландыны жас бала деп менсінбегені еді. Жас батыр аттан түсіп, есікті айқара ашып, ішке енді.

— Әй, бала, сен екенсің ғой. Келгеніңе қуаныштымын. Тұруға ерініп жатырмын. Мықты болсаң аяғыммен күресіп көр, — деді Қызыл ер төсектен тұрмаған күйі мысқылдап бір аяғын созып.

Қобыландының көзі босағада ілулі тұрған алпыс құлаш арқан-ға түсті. Жалма-жан Қызыл ердің бұлқынғанына қарамай, аяғын тұсамыстай байлап, тобылғы торысына мініп, қамшы басты. Дұшпа-нын сүйреткі қып, дырылдатып ала жөнелді. Қызыл ер мұндай әрекетті күтпеген еді. Қобыланды оның жалынышты үніне де құлақ салмады. Әдейі шеңгел, тікен өскен түспен сүйреді. Жауының қа-бырғасы күйреп, құлындағы дауысы шықты. Тау мен тас күңіренді. Қорлықпен өлсін деп, Қызыл ердің басын жас батыр тасқа соғып боршалады. Ақыры қырық бес кез Қызыл ер сол жерде өлім тапты. Жауынан кегін алған Қобыланды өз-өзіне риза еді.

Көңілі күпті қызылбас елі қуаныштан бір-бірінен сүйінші сұрады. Күнде қоқаңдаған қырық бес кез Қызыл ерден құтылға-нына ханның да көңілі жайланды. Қобыландыға іштей алғысын жаудырды.

Қыз ұзату—ата-анаға сын. Көктім Аймақ хан қабырғасымен кеңесіп, ақыры бір шешімге келді. Жан-жақтың зергер, сәулет-шілерін шақыртып, іші алтын, сырты күміс отау үй дайындатты.


Қырық түйеге қазына арттырып, қыздың жасауын жасады. Көшіне қырық құл мен қырық күң ертті. Сөйтіп, таңғы шолпан батқанда, сарғайып таң атқанда, Құртқа қызының қырық түйеге жүгін артты. Осы бір сәтте Қобыланды атасына кеп сәлем берді. Балалығы ма, кім білсін, еркелеп:

— Құртқаға енші бердіңіз, менікі қайда? — деп, тосын сұрақты қойып қалды.

Күйеу баланың сауалына хан жылы жымыды.

— Былай қара, балам! Анау төбеңде тұрған төрт бұлт— сенің еншің. Жаз болса бұлар күн жақтан шығады. Қыста желмен ілесіп өзіңе жетер. Ал жау келсе, жау жақтан түседі. Осыны ұқ, балам, — деді. Сонымен атасымен, қайын жұртымен қоштасып, Құртқаны алып, керуенді бастап, Қобыланды елге бет түзеді.

Керуен бірнеше күн жол жүріп, бір уақытта қара жолдың үстінде жайылған қалың жылқыға кеп тірелді. Құртқа екіге айырылған жылқының ортасында жусап тұрған буаз көк ала биеге



көзі түсіп, күймені тоқтатып жерге түсті де, дауыстап Қобыландыны шақырды.

— Мына көп жылқы кімдікі? — деп сұрады, — ана тұрған биені, иесіне мені берсең де қолыңа түсір...

— Құп болады, — деді жас күйеу әзілдеп. — Бірақ сен үшін бір елдің жылқысын алмаймын ба?

Құртқа наздана қарап, жымия күлді.

— Бұл жылқы менің немере ағам Сәлімбай байдікі. Ол мені жанындай жақсы көреді. Қолымнан қақпайды, — деді сонан соң.

— Онда құдай берді. Менің меңзеп тұрғаным, сен батырсың. Жауың көп, досың аз. Ел шетіне жау келсе, мына тобылғы меңді тор атың жауға қарсы шабуға жарамайды. Көк ала биенің ішінде көк бурыл құлын бар. Сол—сенің жан серік тұлпарың, — деді Құртқа. — Осы сөзім жалған болса, мені жазала.

Қобыланды жанып түсті. Көшті сол жерге қондырып, атына мініп, көзді ашып-жұмғанша Сәлімбайдың жылқысын бағатын тоқсан құл отырған мекенге кеп жетті. Бұлардың басшысы Қара Көжік деген еді. Жөн сұрасып болған соң Қобыланды жылқышылардың басшысына бұрылып: — Сәлімбай ағам бір асқар белдей еді. Қатар қонған елдей еді. Келін алып келемін, өзі келіп көрсін де. Келінінің көрімдігіне жылқыдағы көк ала биені берсін де, — деп сәлем айтты. Қара Көжікке керегі сол. Сүйіншісі бір бөлек, жақсы хабар жеткізгенінің өзі мол ғанибет. Құстай ұшып, Сәлімбай байдың ауылына жетті. Ауылға шауып кіру— жаман әдет. Ауыл жұрты ошарылып, қорқып қалды. Алайда Көжік: — Сүйінші, Қобыланды келін алып келеді, — деп, ақ шаңқан ақ боз үйге ат қойғанда, Сәлімбай күлімдеп қоя берді. Жұрт жиналып, байға құтты болсын айтты.

Ел аяғы басыла беріп, жылқышылардың басшысы інісінің келінінің көрімдігі үшін жылқы ішіндегі көк ала биені сұратқанын айтты. Сонда бай:

— Пау, баланың аты бала, істегені шала. Қобыланды үшін жаным садаға. Бір қылқұйрық кімнің шікірәсі*. Сұратпай-ақ ала бермей ме екен, даладан. Ағамнан қалағанымды алдым деп мақтанып бармай ма, Тоқтарбай сынды ағаға, — деді. Ісі оңға басқан Қара Көжік қара ала атына қонып, күн-түн демей жылқышы ауылға қайта шапты.

*шікірә — бетке ұстар, қимас.

— Сәлімбай аға інісі мен келінінен бие тұрмақ жанын да аямайды, — деді ол, аға сәлемін жеткізіп.

Әп-сәтте көк ала биені Қобыландыға ұстап беріп, Қара Көжік жол тілеп шығарып салды. Тұяқ дүбірін естіген жас келін күйменің есігінен шығып, жүгіріп кеп, көк ала биенің маңдайынан сүйді.

Содан бие десе шығарға жаны басқа Құртқа киелі жануарды көзінен таса қылмады. Күтті, баптады. Жемі мен суын уақтылы бергізді. Күндердің күнінде көк ала биені толғақ қысып, тыпырши бастағанда-ақ Құртқа көз бен тілден сақтанып, ешкімді маңына жолатпай, құрақ ұшты. Жақсылыққа жорып, әліптің артын күтті. Көк ала биенің шаранасы жерге түсісімен-ақ, құлыны тұншығып қалмасын деп, тонын жарып, бурыл құлынды тұяғын жерге тигізбей, үстіне киген алтын тонға орады. Жас сұлудың қуанышында шек жоқ еді. Аузын үріп, маңдайынан сүйді. Сырттай көргендер батырдың жары осы сұлудай-ақ болсын деп сүйінді.

Әдетте тұлпар — ер қанаты. Оны батырдың жары таңдаса несі айып. Сол жерде Құртқа: — Сұлтанымның жан атысың. Саған көзіңе күн түсірмеймін, өзіңе жан тигізбеймін, — деп, өзіне өзі ант берді. Жас бурылдың үстіне шатыр тіккізді, көп нөкерін жан-жаққа жұмсап, құлынға керектің бәрін жеткізді. Қырық күнге дейін құлынға тек қулықтың* сүтін ішкізді, келесі қырық тәулікте қысырды емізді. Сексен күн бітіп, тоқсанға аяқ басқанда маңқа, қолқа сияқты дерт жоламасын деп, сұлу Құртқа құлынға жем қосып, қызыл дәрі жегізді. Бурыл жатқан үйге түндіктен ғана күн түсті, түтікпен ғана таза су ішті. Сөйтіп, күндер өтіп жатты. Құлдыраңдаған құлын аяғынан тік тұрды. Жас келінге ой келді. Қайын жұртқа әлі жетпегені есіне түсті. Қобыландыға келіп:

— Үйді жығып, нарға тиейік. Көш жолында кешіккеніміз ұят болды. Ел құлағы — елу. Бізді асыға күтіп отырған шығар. Ата-анаға жетіп, отауымызды тігіп, қуантайық, — деді.

Бурылға алтыннан оюлы жабу жауып, аптаның алғашқы күні дүйсенбіде, бесінде, биені көшке тіркеді. Құлынды құндақтап, құдайдан сәт тілеп, жолға шықты. Бірнеше күн өткенде көш керуен туған жерінің топырағын басып, Тоқтарбай ауылына жетті. Көл-көсір қуаныш өтіп, әке мен бала, келін мен ана қауышты. Сағыныштарын бөлісіп, әңгімелерін зорға тауысты. Қобыланды батыр әкесіне келіп:

*Қулық бие — бірінші рет құлындаған екі жастағы құнажын бие.



— Мен жылқыдан кеткелі біраз айлар өтті. Естеміс пен тоқсан құлдан, малдан хабар бар ма? — деп сұрады.


Жауап орнына әкесі басын шайқады. Батыр мінезі — баланың тірлігі сияқты. Қобыланды дайын тамақтан ішпей, ашытқан балдан дәм татып, күн бата жылқышыларға "шу" деп тартып отырды. Таң ата жылқышылар қосынына жетіп, малдың амандығын біліп қуанды. Ұстазы Естемісті құшақтап жұбанды. Баяғы дәурен қайта басталды. Күнбе — күн ит жүгіртіп, құс салды. Батырға саят құру жарасқан. Өмір жылжып өтіп жатты, қуанышты, нұрлы күндер, айы жарқыраған түндер келмесе кетіп жатты.

Бұл екі ортада Құртқа баққан Бурыл жасқа толып, тай болды. Уақыт өте темір тұяқ құнан атанды. Құнаннан дөнен асарда Құртқа күн көрмеген көбең жылқыны, мойны жуандап, еркін жусасын деп, байталға қостырды. Бестісінде мініске үйретіп, мойны таралып өскенін ұнатып, ұзын жібек арқан сүйреттірді. Хас сұлудың тірлігі мұнымен тоқтамады. Бурылды алты жасында ақтатып, ер-тұрманын алтыннан қақтатты. Батырын сағынып, қарағайдан найза саптатып, күміс қынды, алмас қылыш соқтырды. Бурылын кекілін, жалын тарап, баласындай бақты. Баулығанына алты жыл өткенде де Қобыланды сауық-сайран салып, саятшылық құрып, жылқышы ауылынан оралмады. Шын сүйген жүрек бәрін кешірді. Батырдың жолын күтумен жас ғұмыр өтіп жатты.

Ел құлағы—елу. Осы бір уақытта Тоқтарбайдың ауылына суыт хабар кеп жетті. Жақсылыққа жат, жамандыққа дат хабар еді бұл. Оның ұзын ырғасы былай-тын: қызылбастың елінен Қазан деген батыр шығып, көршілес жатқан Ноғайлының жерін шауып, Қырлы, Сырлы деген екі қаласын өзіне қаратыпты. Қырлы қаласына бектерін түстендіріп, Сырлы қаласын жендеттері билеп-төстейді екен. Бағынбағандарды қырып-жойып, дарға асып, бастарын шауыпты. Малың, жерін тартып алып, олжаға белшесінен кенеліпті. Онымен қоймай, Қазан Ноғайлының жұртын қара табан құл атандырып, осы ісіне жер-көкке сыймай мақтаныпты. Сырлы қаласының қорғаны жоқ екен. Ал Қырлы қаласының бір беті теңіз екен де, екінші жағынан алты қабат ор қаздырып, болаттан темір қақпа құйғызып, алпыс батыр ашып-жауып, күзететін етіпті.

Жаман хабар жерде жатпайды. Мұны төменгі қырық мың үйлі Қияттың ішінде Сейілдің ұлы Қараман батыр да естіп, Қазанның





басқыншылығына қатты ашуланады. Ел шетіне жау келсе, батыры қайтіп тыныш ұйықтасын. Намыстанып, күні-түні дөңбекшіп: — Ноғайлының жеріне қызылбастарды "қондырып" қоюым сүйегіме таңба, — деп жорыққа дайындалды. Намысты ердің тірлігі осы. Атадан балаға қалған мұра — ерлік. Қан майданда шайқасып, сүйегі кең далада қурап қалған батырлар қаншама. Олар — елі үшін, туған жері үшін кеудесін найза мен қылышқа төсеп күн кешкендер. Оларды ел құрметтеп, қасиет тұтады. Сонымен Қараман ер Қияттан қырық мың әскер қол жинап, ақ қарабас ту көтеріп, қаруын сайлап, жорыққа аттанды. Қараманмен қосқанда шеру сапында Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет Қаражанұлы, жауырыншы Қарабұқан есімді бес батыр бар еді. Құдайға боз ат шалып, аруағына сыйынған бұл батырлар Қазан батырдың тас-талқанын шығаруға сенімді еді.

Біраз жол жүріп өткен соң Қараман батыр шеруді тоқтатып, әскер басшыларын жинап ақылдасты.

— Тілімді алсаңдар, Қараспан тауын жайлаған қыпшақ деген қалың елге бет бұрайық. Елдің ері де жоқ емес. Дуа тиген аса керемет қайратты, атағы жұртқа мәлім Қобыланды есімді жау жүрек батырына сәлем берейік. "Ағайын ала болса аспандағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегіні іледі" деген. "Жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыққанынан" хабардар етейік. Бірігіп Қазанға баруын өтінейік. Қаламаса бата сұрайық. Өзі менімен түйдей құрдас екен. Бір жылдың төліміз. Жақсының шарапаты тиер, — деді. Орынды сөзге, ақымақ дүрдараз. Қараман әскердің басын Қараспанға бұрды.

Бұл кезде Естеміс пен Қобыланды аң аулап жүрген еді. Қаптаған қалың әскерді көріп, алғашқыда шошынып қалған жас батыр Естемісті жіберіп, жайды білді. Қараманмен төс қағысып көрісіп, амандық сұрап білісіп, ау-жай сұрады. Сонда Қараман:

— Екеуміз құрдас, әрі мұңдаспыз. Ноғайлының елін Қазан қызылбас шауып алып, ұлын құл, қызын күң қып, төрімізде басынса, көзін құрту азаматқа міндет. Бірігіп шайқасып, күлін көкке ұшырайық. Өзіңе сөз салып, ертіп кетпекке келдім, Жолбарысым, — деді.

— Әй, Қараман, айыпқа бұйырма. Қызылбасқа дәм тартпады. Бурыл атымның қырық үш күн кемдігі бар екен. Баласындай бап-

таған, анасындай ардақты Құртқаға айтар қарсы дауым жоқ, — деді Қобыланды құрдасына ағынан ақтарылып. Бұл кесімге Қараман батыр шырт етті:

— Қазанды жеңіп, халқын азат етпесек, батыр атанып неміз бар. Қатынға ақыл салсақ, қатынның тілін алсақ, біз еркек боп неге жаралдық. Басында билігі жоқ еркектің қатыннан несі артық, — деді ашуланып. “Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді” деген, құрдасының назы Қобыландыға мірдің оғындай қадалды. Батыр аңғал, ашуланса, тау қопарып, тас жарады. Бетінен оты шығып, тобылғы торы атқа ер салды, ақ алмасын қолға алды. Мұздай темір құрсанып, қабағынан қар жауып, Құртқа сұлудың ауылына жөнелді. “Мына күйге мені түсірген, Құртқа сұлу, қап бәлем, сені ме” — деп кіжінді. Құртқаны шауып тастауға да түйінді. Әлгіндегі Қараманның улы сөзі жанын ауыртып, жүрегін сыздатып, тыныш таптырар емес.

Осы бір сәтте үйде отырған Құртқа ат тұяғының дүрсілін естіп: “Сұлтаным келді”— деп күбір етті. Қақпаның жабығынан сыртқа көз тастады. Қызылбасқа күйеуін жібермегеніне айыпты сезініп, өзін қос таудың арасына қойғанына назаланып, көз жасын сығып алды. Қобыландыны кеш батпай қойнына алып жатты. Батырды қайта-қайта құшақтап, таң бойына көз ілген жоқ, мауқын басты. Қиыр бет сиыртаңдайланып, ақ шапан аумақтанып кеп, ағарып таң атқанда Құртқа батырының жоғын толтырды. Тайбурылдың үстіне алтын ер-тұрман, аз ғана азық жем салып, ақ орданың алдына әкеп байлады. Ат тұяғының дүрсілін сезген Қобыланды оянып, жорыққа кетудің қамын жасады. Халқы жиналып, үлкендер ақ батасын берді. Жауға шапқан батырдың үстінде ақ сауыты, белінде семсері, басында ноғай бөркі бар еді. Қобыланды қоштасып, Тайбурылға мінді. Сөйтіп, дүйсенбі күні сәскеде Қараспан тауын бөктерлеп, күні кеше Қияттың Қараман батыры бастаған қырық мың әскердің соңынан жүрді. Баласын қимай, тоқсандағы Тоқтарбай әкесі мен алпыстан асқан анасы соңынан ерді. Бауырын көзінен таса қылмай қарындасы Қарлығаш, жан жары Құртқа түстік жерге дейін шығарып салды. Қоштасарда Қарлығаш бауыр еті — бауырына мұңын былай шағады:

— Айналайын, бауырым, сапарға шығып барасың. Көңіліңе көп алма, қарындасыңның наласын. Өзің қайтып келгенше, ел-жұр-

тыңды аман-есен көргенше, сені ойлап сары мұңға батармын. Жатсам да, тұрсам да өзінді ойлап жатармын. Құдай алдында, сенің жолыңда құрбанмын. Ойлап қарасам, бауырсыз дүние боқ екен. Сен алдымда жүргенде көңілім менің тоқ екен. Саған арналған дұшпанның ажал оғы маған тисін. Екеуміздің кіндігіміз бір күнде кесілген егіз емес пе едік? — деп, ары қарай өкінішін жоқтаумен білдірді:

... Қозыдай Қобылан егізім,
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен,
Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді оттасым,
Бірге туған тектесім,
Қысылған жерде түптесім,
Тоғай толған түйең бар,
Қора толған қойың бар,
Оны кімге тапсырдың?
Желіге сыймас жылқыңды,
Көкежан, кімге тапсырдың?
Тоқсанда атаң Тоқтар шал,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Алпыста анаң Аналық,
Ай көке, кімге тапсырдың?
...Көкежан деп жылаған,
Мен сорды кімге тапсырдың?
... Құдай қосан қосағың
Көктімнің қызы Құртқаны —
Жеңешемді кімге тапсырдың?

Сонда Қобыланды ақ найзаға сүйеніп, қатты қамығып:

— Айналайын, қарындасым! Жамандыққа жорыма, көзіңдегі жасыңды сұрт. Таусылма. Мен кешігіп келмей қалсам, Қараспан тауын жайлаған, қалың қыпшақ елің қолтықтайды. Тоғай толы түйемді, Сарысуға тапсырдым. Желі толған жылқымды, жасанған жауға, қора толы қойымды ашбөріге, тоқсандағы атам Тоқтарбайды құдайға, алпыстағы анам Аналықты Бибатима піріме, қарындасым Қарлығаш — өзінді Қарашашқа, жар қосағым Құртқаны палуан қызға тапсырдым. Ал сендер төртеусіңдер, мен жалғыз, мені кімге тапсырдыңдар? — дейді.